

Алматы облысының "Gate City" серіктес қаласының бас жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 қарашадағы N 1739 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 893 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2017 № 893 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облыстық мәслихаты мақұлдаған, қоса беріліп отырған Алматы облысының "Gate City" серіктес қаласының бас жоспарының жобасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 2 қарашадағы
N 1739 қаулысымен
бекітілген

Алматы облысының "Gate City" серіктес қаласының бас жоспары Бас жоспардың мақсаты

Алматы облысының "Gate City" серіктес қаласының (бұдан әрі - Гейт Сити) 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған бас жоспары тіршілік етуге қолайлы орта құру және орнықты даму, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және табиғатты сақтау мақсатында қаланың құрылысын қалыптастыруды және оны дамытуды жоспарлаудың негізгі құжаты болып табылады.

Бас жоспар қала инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың перспективадағы және бірінші кезектегі бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру, табиғи кешеннің аумақтарын сақтау және дамыту, қоғамдық, іскерлік және мәдени орталықтарды, туризм және демалыс объектілерін дамыту, қалалық ортаны кешенді абаттандыру және эстетикалық ұйымдастыру, аумақты дамытудың қала құрылысы жоспарларын, қаланы жоспарлау мен оның құрылысы жобаларын әзірлеу және іске асыру үшін негіз болып табылады.

Бас жоспар қаланы әлеуметтік-экономикалық дамыту мен қалыптастырудың ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді бағдарламаларын, бірінші кезектегі құрылыс жоспарларын жасау кезінде негіз болып табылады.

Бас жоспар қаланың қала құрылысы жағдайлары мен оны кезең-кезеңімен: 1-кезең - 5 жыл, 2-кезең - 7 жыл, 3-кезең - 10 жыл жүзеге асырудың ресурстық әлеуетін кешенді талдауға сүйене отырып, қаланың шаруашылық-экономикалық және аумақтық-функционалдық мақсатын айқындайды. Барлық жобалау ұсыныстарын 22 жыл ішінде жүзеге асыру жоспарлануда.

Бас жоспардың басты мақсаты - қолайлы, қауіпсіз және әлеуметтік-ыңғайлы тіршілік ортасы бар экологиялық қала құруға бағытталған қала құрылысы іс-шараларының кешенін жүргізу, Алматы қаласының тығыздығын азайту мақсатында қалалық функциялардың бір бөлігін көшіру.

Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері

Демография

Перспективада 2030 жылға дейінгі демографиялық үдерістердің серпіні қоғамдық дамудың бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі, сондай-ақ қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен қайта құрулардың өсуі барысында қалыптасатын жаңа факторлардың бүкіл жиынтығының өзара іс-әрекетімен айқындалатын болады.

Қаланың демографиялық даму сипаты халықтың табиғи және көші-қон қозғалысымен айқындалады, олардың ауқымы мен бағыты әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың нәтижесіне:

қаланың экономикалық әлеуетінің дамуына;

жұмыспен қамтуға және еңбекақы төлеу деңгейіне;

мемлекеттік және жергілікті әлеуметтік саясатқа және басқа факторларға байланысты болады.

Халықтың перспективадағы санының болжамы табиғи өсімді біртіндеп жоғарылату гипотезасын, халықтың өмір сүру ұзақтығының артуын және көші-қон өсімін ескере отырып есептелген.

Қала халқының 2030 жылға дейінгі болжамды саны қоныстандырудың Алматы жүйесіндегі және тұтас Қазақстан Республикасы бойынша орнықты және инерциялық демографиялық үдерістермен айқындалады.

Қала халқының 2030 жылға арналған перспективалы саны 130 мың адамды құрайды.

Қаланың әлеуметтік және қала құрылысы дамуының негізгі мақсаты - халықтың қарастырылып отырған аумақта тұруы үшін

әлеуметтік-психологиялық жайлылық және өмір сүру ортасының жоғары деңгейін қалыптастыру.

Тұрғын-үй азаматтық құрылыс

Перспективада Гейт Сити қаласының әлеуметтік проблемаларының бүкіл жиынтығының арасынан тұрғын үй проблемасына баса назар аударылады, бұл тұрғын үйдің халық өміріндегі материалдық жағдайлардың аса маңызды элементі, әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі буыны ретіндегі объективті мәнімен айқындалады. Тұрғын үй жағдайлары халықтың әл-ауқатын тікелей анықтап қана қоймай, белгілі бір шамада қалған қажеттіліктер құрылымы мен басымдықтар жүйесін анықтайды.

Гейт Сити қаласының тұрғын үй саясаты құрылыстың бастапқы кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы N 383 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына негізделеді.

Тұрғын ортаны кешенді қалыптастырудың негізгі бағыттары бойынша 1 адамды тұрғын үймен қамтамасыз етуге орта есеппен жалпы ауданы 28 шаршы метрге дейін көзделеді.

Гейт Ситиде тұрғын үй қоры құрылысы көлемінің жалпы ауданы 3,6 миллион шаршы метрді құрайды, жеке тұрғын үй құрылысының үлесі - 72,2%.

Жобада жалгерлік (коммуналдық) тұрғын үй құрылысын республикалық бюджет қаражаты есебінен салу және жеке жалгерлік (коммерциялық) үйлер салу үшін жағдай жасау көзделіп отыр. Халық үшін қол жетімді, жайлылығы 3-ші және 4-ші сыныптағы тұрғын үй салу, пәтерлерді тұрғын үй құрылыс жинақтары және ипотекалық кредит беру жүйесі арқылы сату көзделеді.

Гейт Сити қаласының аумағындағы тұрғын үй қоры жайлылығы 1-ші, 2-ші, 3-ші және 4-ші сыныптағы тұрғын үй ғимараттарын салу есебінен қалыптасады.

Бас жоспарда әлеуметтік-кепілдік берілген қызметтердің ең төменгі көлемін көрсететін мекемелермен қамтамасыз етудің нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізу, қала деңгейіндегі объектілерді салу бағытында жаңа әлеуметтік-экономикалық және қала құрылысы жағдайларын ескере отырып, әлеуметтік инфрақұрылым құру және бірегей объектілерді орналастыру көзделеді.

Әлеуметтік саланы дамытудың негізгі басымдықтары оны қала мәртебесіне сай қалыптастыру болып табылады.

Қала орталығы мен тұрғын аудандардың орталықтарында мәдени-ағарту мақсатындағы мекемелер, әлеуметтік маңызды денсаулық сақтау және білім беру

объектілері, су-спорт және ойын-сауық объектілері мен құрылыстары, эстетикалық келбеті жоғары деңгейдегі қоғамдық ғимараттар салынады.

Халықты әлеуметтік қызметтер кешенімен қамтамасыз етудің перспективаға арналған деңгейі Қазақстан Республикасының қолданыстағы сәулет-қала құрылысы нормативтік құжаттарына сәйкес айқындалады.

Гейт Сити қаласының селитебтік аумақтарын қалыптастырудың басым бағдарламасы тұрғын аудандарды салудың кешенділігі болып табылады, бұл құрылысқа жұмсалатын шығындарды азайтуға ықпал етеді және Гейт Сити қаласының заманауи сәулет келбетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Экономикалық қызметі

Қаланың негізгі мақсаты - өңірлік ауқымдағы халықаралық бизнес орталығы. Республикалық маңызы бар Алматы - Өскемен және Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы (бұдан әрі - ҰАААЖ) автомобиль жолдарының болуы осының алғы шарты болып табылады. Бизнес орталығы осы екі магистральдар қиылысының солтүстігіне қарай орналасқан. Гейт Сити қаласын тұрғызу G-4 City жобасын жүзеге асырудың бірінші кезеңі болады.

Қазіргі уақытта Алматы қаласындағы коммерциялық жылжымайтын мүлік нарығы сұранысты толық көлемде қанағаттандырмайды, бұл бірінші кезекте жер ресурстарының жетіспеуіне байланысты. Бұдан басқа Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіруімен бірге Алматы қаласының геосаяси рөлі айтарлықтай өседі, халықаралық сауда-экономикалық қатынастар кеңейеді, бұл Гейт Сити қаласын өңірлік қаржы-экономикалық орталық ретінде дамытуға және қалада шетелдік компаниялар өкілдіктерінің желісін кеңейтуге жаңа серпін береді.

Гейт Сити өңірлік ауқымдағы іскерлік және қаржылық орталыққа айналады, мұнда ауқымы жағынан орта және шағын компаниялар басым болып, олар Central Business District-де (CBD-Орталық бизнес ауданы) орналасады.

CBD қаланың басты көрнекті орны болады, мұнда халықаралық деңгейдегі көптеген заманауи бизнес орталықтары, қонақ үй және конференция залдары кешендері топтастырылады. Мұнда сондай-ақ, ең жоғарғы сервис стандарттарына сай келетін бірқатар ірі сауда, ойын-сауық орталықтары орналасатын болады.

Гейт Ситидің Алматыға тікелей жақын орналасуы және өңірдің басты магистральдары - Батыс Қытай - Батыс Еуропа халықаралық автомобиль дәлізінің бір бөлігіне айналатын республикалық маңызы бар Алматы - Қапшағай автомагистралінің және ҰАААЖ-ның болуы қаланың Қазақстан мен бүкіл Орталық Азияның аса маңызды форпостына айналуына мүмкіндік береді.

Қалада коммерциялық жылжымайтын мүліктен басқа тұрғын үй алаптарына қомақты аймақ бөлінеді.

Қазір Гейт Сити қаласы ХХІ ғасырда заманның тым жоғары талаптарына сай орталыққа, жаңа идеялар мен технологиялардың бүкіләлемдік тоғысына, өмір сүруге барынша қолайлы және қонақтар, бизнес пен инвестициялар үшін тартымды орталыққа айналатындай етіп әзірлену және орнығу үстінде.

Экономикасының даму ерекшелігіне сәйкес сауда-коммерциялық бизнесте кластерлік жүйелерді дамыту перспективасының тұрғысынан Гейт Сити қаласының неғұрлым мол әлеуеті бар.

Жобаның белгіленген миссиясына сәйкес Гейт Сити қаласының таяу арадағы он жылдыққа арналған негізгі басымдығы халықтың өмір сүруі және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметі үшін қолайлы жағдайлар жиынтығы кезінде тыныс-тіршілікті қамтамасыз етудің сапалы ортасын дамыту болып табылады. Гейт Сити халықтың өмір сүруіне жайлы әрі бизнес пен инвестиция үшін тартымды қала болады.

Гейт Сити қаласы ұлттық және өңірлік бизнес-үдерістердің байланыстырушы буынына айналады.

Экономиканың мемлекеттік және жеке меншік секторын тиімді үйлестіру және олардың өзара іс-қимыл жасауы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жоспарлануда.

Гейт Сити қаласының қала құрылысын дамыту мақсаттары

Гейт Сити қаласының қала құрылысын дамытудың басты мақсаты - орнықты дамыған, экологиялық қала құру. Серіктес қаланы жобалау кезінде мыналар:

- қаланы тұрақты жоспарлау;
- қала халқының тығыздығы;
- тұрғын кварталдарды дамыту;
- қоғамдық көлік;
- жол инфрақұрылымы;
- қала сұлбасы;
- қаланың келбеті мен сипаты;
- қала экологиясы;
- дамуды ұйымдастыру ескерілді.

Қаланың жаңа моделін жоспарлаудың мақсаты - негізгі қағидаттары адам құқықтарын сақтау, қоғамдық көліктің тиімді әрі сенімді жүйесімен қолдау тапқан әлеуметтік-экономикалық теңдік болып табылатын тең құқылы және экологиялық қала құру.

Қала халқының тығыздығы қаланы басқарудың маңызды құрамы болып табылады. Тығыздықтың төмен болуы және бір бағыттағы қызмет қоғамдық көлікті пайдаланудың төмен коэффициентімен жоғары экономикалық және экологиялық шығыстарға әкеп соғады.

Тұрғын кварталдарды дамытудың мақсаты халықтың әлеуметтік-мәдени топтарынан тұратын әлеуетті қоғам құру болып табылады.

Қоғамдық көліктің тиімді де сенімді жүйесі жаңа қалаларды көлік кептелісі жоқ әрі ауасы таза қала ретінде қалыптастырудың ең маңызды элементі болып табылады. Автобус маршруттарының желісімен нығайтылған негізгі қоғамдық жолаушылар көлігі ретінде жүрдек көлік түрлерін, LRT жүйесін енгізу жанды ортаны және жаңа қалалардың тұрғындары үшін өмір сүрудің жоғары сапасын сақтау үшін маңызды стратегиялық мүмкіндік болып табылады.

Қалалардың тұрғындары мен қонақтарына қауіпсіз әрі жайлы жаяу серуендеу мүмкіндігін ұсыну үшін қозғалыстың ажырамас бөлігі ретінде жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерді қабылдау шараларын қабылдау ұсынылады. Жаяу жүргіншілер мен велосипед жолдарын енгізу жөніндегі ұсыныстар қозғалыстың балама тәсілі ретінде назарға алынуға тиіс.

Орталықтың әр түрлі объектілері мен маңызды сәулет ғимараттары биіктігімен өздерінің маңыздылығын көрсетуге және айқындай түсуге тиіс. Бұл сондай-ақ, негізгі ғимараттары мен пейзаждары бар қала бейнесін сақтау үшін қала дизайнының негізгі желілерімен, көрнекі дәліздерді жасаумен ерекшеленеді.

Қаланың өзіндік ерекшелігі мен сипатын сақтау және күшейту үшін мынадай мақсаттар мен міндеттерді белгілеу және іске асыру қажет:

жергілікті салт-дәстүрлерді көрсететін заманауи инновациялық сәулетті көтермелеу. Мақсаты - қаланың әлууетті бейнесіне қол жеткізу және әрбір жобаның бірегейлігін сақтау;

жаңа дамудың сәулеттік мәнері жергілікті климатқа, сенімді жобалауға және өзіндік сәулет талғамына сәйкес болуға тиіс;

жаңа қала орталықтарының бірегейлігі қала белгілерімен айқындала түсуге тиіс, мысалы, қалаға кіретін қақпа, ландшафтық бағдарлар және орталық алаңдар . Қала пейзажының бір бөлігін қалыптастыратын қалалық саябақтар мен ландшафтар қала орталығын кеңістік, сапа мен бірегейлік талғамын қамтамасыз ететіндей түрде жобалануға тиіс;

жалпы қала орталығы мен өңірлік ауқымдағы орталықтар шегінде қала қонақтары үшін тарихи және мәдени оқиғалардың маңызын айқындай әрі аша түсетін қала өнерінің әр түрлі бағыттарын біріктіру. Бұл қаланың дамуына, сипатына, өзіндік мәдени ерекшелігіне және қоғамның көңіл-күйіне үлес қосады;

мұқият таңдап алынған және жобаланған материалды пайдалану арқылы мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолайлы қала орталығын құру.

Экологиялық қаланы дамыту қағидаттарына негізделген жаңа қаланы жоспарлау дамудың прогрессивтік қадамы болып табылады, табиғатпен үйлесімді тіршілік етуге және қаланы орнықты дамытуға мүмкіндік береді. Экологиялық жүктемені одан әрі азайту және қала экологиясын жақсарту жөніндегі әр түрлі іс-шаралардың көмегімен өмір сүру жағдайларын жақсарту, тиімді жоспарлау және жер ресурстарын басқару ортақ міндет болып табылады. Экологиялық қағидаттарға негізделген экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени қағидаттар арасындағы күрделі өзара қарым-қатынасты жан-жақты түсіну қажет.

Коммерциялық және тұрғын орталықтар экологиялық көзқарас, салауатты өмір салтын насихаттау және тұрғындардың сапалы өмір сүруі мен экожүйелерді қолдау тұрғысынан жобаланған болуға тиіс.

Бас жоспарды он жылдық кезең шеңберінде мониторингілеу, бағалау және қайта қарау экономикалық, әлеуметтік және технологиялық аспектілердегі өзгерістерге жауап ретінде, болашақ қаланың ұзақ мерзімді көрінісінің бір бөлігі ретінде бірқатар жаңа ерекшеліктерді дамыта отырып, қаланың бас жоспарын тиімді жаңғыруға ықпал етеді.

Экологиялық талаптар

Мыналар қаланың қала құрылысын дамытудың экологиялық талаптарына жатады:

табиғи кешеннің қазіргі аумақтарын (шағын өзендердің жайылмаларын) қолайсыз антропогендік әсерлерден (жыраның пайда болуынан) қорғау және олардың базасында басты және қосалқы жасыл дәліздерді қалыптастыру;

тіршілік ету ортасының жайлылығын, оның ішінде көгалдандырылған кеңістіктердің бірыңғай жүйесін құру және қаланың тұрғын және қоғамдық аймақтарында микроклиматтық және экологиялық жағдайларды жақсарту арқылы арттыру.

Мыналар қала құрылысын дамытуға қойылатын экологиялық талаптарды орындаудың қажетті шарттары болып табылады:

қалдығы аз және қалдықсыз экологиялық таза технологияларды енгізу, ұйымдастырылмаған шығарынды көздерінің санын қысқарту, жылумен жабдықтау көздерін тозаң тұтқыш құрылғылармен жарақтандыру;

энергия үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу;

өңірде өндірілген ауыл шаруашылық өнімдерінің экологиялық тазалығын қамтамасыз ету;

экологиялық қауіпті аумақтарды - ұйымдастырылмаған қоқыстарды, сүзгіден өткізу алаңдарын жою; тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарды жинаудың, залалсыздандырудың және қайта өңдеудің тиімді өңірлік жүйесін құру;

ауыз су сапасының стандарттарын сақтауды және коммуналдық ағын сулар мен жер бетіндегі ағын суларды тазартуды қамтамасыз ету;

негізгі халықты еңбек ететін орындары мен қоғамдық мақсаттағы объектілердің айналасына шоғырландыру арқылы автомобильге тәуелділікті азайту, велосипед жолдары мен жаяу серуендеуге арналған бульварлар салу;

қала аумағында ауа бассейнінің жай-күйін бақылаудың стационарлық бекеттерін ұйымдастыру;

ластану көздерінің айналысынан санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастыру.

Аумақты қорғау жөніндегі іс-шаралар және қаланың орнықты дамуын қамтамасыз ету

Қала аумағын қауіпті табиғи үдерістерден қорғау жөніндегі іс-шараларды айқындау кезінде аумақтың жоғары сейсмикалы екендігі ескерілді (ауданның негізгі сейсмикалылығы - 9 балл).

Қала құрылысын дамытуды, функционалдық ұйымдастыруды айқындау және аумақты сараландыру кезінде пайдалану сипаты бойынша "Қарағанды ГИИЗ және К" АҚ орындаған "Алматы - Қапшағай тас жолының бойындағы жолақтағы 297 шаршы километр аумақтағы Алматы қаласының серіктес қалалары" объектісінде ТЭН кезеңіндегі инженерлік зерттеулер туралы техникалық есеп негізге алынды.

Орнықты жұмыс істеуді арттыру әрі қала халқын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсерінен қорғау мақсатында бас жоспарда қала құрылысының мынадай іс-шаралары көзделген:

қала аумағын нақты функционалдық аймақтарға бөлу;

құрылыстың жекелеген учаскелері мен аудандарын сейсмикалық шағын аудандарға бөлу бойынша бағалауды ескере отырып, қала аумағын қабат бойынша аймақтарға бөлу;

қала аумағын төтенше жағдайлар туындаған жағдайда халықты қала сыртына көшіру үшін пайдаланылатын республикалық маңызы бар автожолдармен тұрғын аудандарға бөлу;

жүретін бөліктері мейлінше кең жалпы қалалық және аудандық маңызы бар магистральды көшелердің нақты желісін құру;

қаланы периметр бойынша көмкеріп жатқан шағын өзендердің жайылмаларын бойлай бас және қосалқы экологиялық жасыл дәліздерді құру;

одан әрі пайдалану мақсатында қалалық және аудандық маңызы бар саябақтар желісін, шағын аудандық және орамаралық бақтар, гүлзарлар құру және оларды халықты уақытша жинау үшін пайдалану;

жүрдек жолдар мен магистральды көшелердің маңына көлік кәсіпорындарын орналастыру.

Табиғи-ландшафтық орман-саябақ аймақтарын сақтаудың және қаланың тарихи дамуы сабақтастығының талаптары

Гейт Сити қаласының қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттары табиғи-ландшафтық аймақтарды сақтаудың мынадай талаптарын орындауды қамтамасыз етуге тиіс:

Кіші Алматы, Есентай және Тереңқара шағын өзендерінің жайылмаларында жайлы қала ортасын құруда маңызды рөл атқаратын басты және қосалқы жасыл экологиялық дәліздерді қалыптастыру;

қала құрылысы қызметі аймақтардың шекараларын және осы шекаралар шегінде қала құрылысы қызметін реттеу режимдерін айқындайтын, ландшафттарды қорғауды және оларды көрнекі қабылдаудың оңтайлы шарттарын қамтамасыз ететін жалпы қала құрылысы регламенттерін белгілеу және сақтау;

қала құрылысы және сәулет құралдарымен қаланың орталық негізін анықтау және оған ерекше мән беру.

Аумақтық табиғи кешенді сақтау мен дамытудың негізгі бағыттары

Гейт Сити қаласының табиғи кешені негізінен табиғат қорғау, рекреациялық, сауықтыру және ландшафт құрушы функцияларды орындайтын өсімдіктер мен су объектілері басым аумақтар жиынтығынан тұрады және қаланың табиғи-ландшафтық қаңқасын қалыптастыруға қатысады.

Табиғи кешеннің аумағына:

Кіші Алматы, Есентай, Тереңқара шағын өзендерінің жайылмалары және олардың сайларды қуалай ағатын және ішінара көгалдандырылған тарамдары;

шағын өзендердің жайылмаларындағы ауыл шаруашылығы жерлерін суғару үшін қызмет ететін жасанды су тоғандары мен арналар;

қаланы көгалдандырудың бірыңғай жүйесін құруға арналған резервтік аумақтар (қалалық және аудандық саябақтар, тұрғын аудандардың бақтары мен орамаралық бақтар, гүлзарлар, бульварлар) жатады.

Табиғи кешен аумақтарын сақтаудың және дамытудың негізгі бағыттары:

рекреациялық аймақтарды қалыптастыруды;

жобалауды экологияландыруды көздейді.

Сәулеттік жоспарлауды ұйымдастыру

Қаланы аумақтық дамыту

Бас жоспарда қаланы Алматы қаласынан солтүстік бағытта, республикалық маңызы бар Алматы - Өскемен (Алматы - Қапшағай учаскесі) автожолын бойлай, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен серіктес қала салуға бөлінген жерлерді игеру есебінен аумақтық дамыту көзделеді.

Есептік мерзім шегінде бас жоспарда Алматы облысы Іле ауданының аумағынан бөлінген 2074,8 га ауыл шаруашылығы және басқа жерлерді игеру көзделеді, мұнда 130 мың тұрғын тұратын болады. Бөлінген жерлерде Ынтымақ ауылы (аумақтың құрылыс салынған бөлігінің ауданы - 121,5 га), тұрғын қалашығы бар "MERCUR DOM LTD" ЖШС-нің (аумағы - 94 га) жылыжай шаруашылығы орналасқан.

Қаланың жоспарлық құрылымын дамыту

Жобаланып отырған аумақтың жоспарлық құрылымын қалыптастыру кезінде мынадай факторлардың болуы ескерілді:

- Ынтымақ ауылы және іргелес елді мекендер;
- "MERCUR DOM LTD" ЖШС-нің жылыжай шаруашылығы;
- қолданыстағы шағын және орта бизнес кәсіпорындары;
- жасыл дәлізді құру үшін қолайлы фактор ретінде шағын өзендер, жасанды су тоғандары;
- белсенді демалысты ұйымдастыруға қолайлы табиғи жағдайлар;
- республикалық маңызы бар автожолдар.

Гейт Ситидің негізгі көшелерінің жоспарлық құрылымы меридиандық бағытта созылған және көшелері тік төртбұрышты тор түрінде, бұл мыналарды:

- Алматы мен іргелес елді мекендер үшін дәстүрлі жоспарлық құрылымды сақтауды;

- жасыл екпелердің арықпен суғару жүйесінің құрылымын және тиісінше ағаш-бұта екпелерінің тез өсуін;

- Іле Алатауының таулар көрінісін тамашалай алуды;

- кварталдардың дала желімен желдетілуі есебінен халықтың тұруының жайлылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қаланың негізгі көліктік қаңқасын республикалық маңызы бар Алматы - Өскемен автожолы, жобаланып отырған Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы (ҰАААЖ) мен жалпы қалалық және аудандық маңызы бар магистральдық көшелер құрайды.

Серіктес қаланың жоспарлық құрылымы шартты түрде В-1, В-2, В-3 және В-4 деп аталатын төрт ауданнан тұрады. Таяудағы уақытта Батыс Қытай - Батыс Еуропа трансконтиненталдық тас жолының бір бөлігіне айналатын республикалық маңызы бар Алматы - Өскемен, жобаланып отырған ҰАААЖ автомобиль жолдары қаланы тұрғын аудандарға бөледі.

Қаланы функционалдық аймақтарға бөлу

Селитебтік аумақтың жоспарлық құрылымында қоғамдық орталықтар, тұрғын үй құрылысын салу, жалпы пайдаланылатын көгалдандырылған аумақтар, көше-жол желілері аймақтарының өзара үйлесімді орналасуы ескеріліп қалыптастырылды.

Қаланың аумағында жалпы қалалық орталық, өңірлік маңызы бар орталықтар - орталық бизнес-аудан және спорт орталығы, тұрғын аудандар мен магистральаралық аумақтардың орталықтары көзделген.

Жалпықалалық орталық қалалық маңызға ие, реттелетін қозғалысының магистралдық көшесі бар Алматы - Өскемен автожолы қиылысының батысына қарай орналасқан. Мұнда әкімдіктің ғимараты және саябағы бар бас алаң, сауда мен ойын-сауық аралас орталығы, қонақ үй, офистік жайлары бар ғимарат орналастырылады.

Гейт Сити өңірлік ауқымдағы іскерлік және қаржылық орталыққа айналады. CBRE маркетинг фирмасының консультациялық қолдауымен талдау жасалды, оған сәйкес Гейт Ситиде Central Business District-те (CBD - Орталық бизнес ауданы) орналасатын, ауқымы жағынан орта және шағын компаниялар басым болады.

CBD Гейт Сити қаласының басты көрнекі жері болады. CBD-да халықаралық деңгейдегі көптеген заманауи бизнес орталықтары, қонақ үй кешендері мен конференция залдары шоғырландырылады. Мұнда сондай-ақ, ең жоғарғы сервис стандарттарына сай бірқатар ірі сауда ойын-сауық орталықтары орналасатын болады. CBD - серіктес қаланың негізгі қала түзуші элементі. Аймақтың Алматы қаласының шегіне жақын тиімді орналасуы, сондай-ақ бизнесті орналастыруға арналған жоғары сыныпты кеңсе объектілерінің болуы Алматының орталық бөлігінде Әл-Фараби даңғылында орналасқан Алматы қаржы орталығына (АҚО) түсетін жүктемені қайта бөлуге және төмендетуге мүмкіндік береді.

Қаланың солтүстік бөлігінде мәдени ойын-сауық бөлігі орналасқан. Ол 50 мың көрерменге арналған орталық спорт аренасын, 20 мың көрерменге арналған трибуналары бар жабық әмбебап спорт залын, 10 мың келушіге арналған теннис стадионын қамтиды. Халықаралық көрме кешені де осы жерде орналасқан.

Тұрғын аймақ қоғамдық орталық аймақтарынан, 4 тұрғын ғимараттан тұрады. Қаланың тұрғын аймағы:

магистраларалық аумақтар және тұрғын құрылыс кварталдары;
мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері алып жатқан аумақтар;
ортақ пайдаланымдағы жасыл екпелерді қамтиды.

Тұрғын құрылыстардың орналасқан жері мен қала құрылымындағы рөліне байланысты салынуы, қабаты, абаттандыру деңгейі бойынша өз сипаттамасы бар.

Тұрғын аймағы Гейт Сити қаласының негізгі аумағын алады. Тұрғын үй құрылысы барысында қала аумағында биік үйлер, қабаттылығы жоғары үйлер, көп қабатты және аз қабатты ғимараттар және жер учаскелері 600-ден 1000 шаршы метрге дейін 1-2 деңгейдегі коттеждер салынады.

Тұрғын үй құрылысын орналастырудың негізгі принципі 2р түрлі деңгейдегі қоғамдық орталықтардың айналасында халықты мол шоғырландыру болып табылады, бұл жаяу адамдарға және велосипедшілерге жұмыс орындарына қатынасуға, қоғамдық орталықтарға серуендеуге мүмкіндік береді.

Биік үйлер, жоғарғы қабатты үйлер қала орталығының және аймақтық масштабтағы орталықтардың айналасына шоғырландырылады. Қаланың шетіне қарай қабаттар саны және халықтың тығыздығы азая бастайды. Мұндай тәсіл адамдардың жұмыс орындарына автокөлікпен баруын қысқартады, аймақта экологиялық жағдайды жақсартады.

Бас жоспарда бар ішкі қалалық аумақтарды барынша тиімді пайдалану, оның ішінде аумақты инженерлік дайындау жөніндегі арнайы іс-шараларды орындап қолайсыз жерлерде де құрылыс және абаттандыру жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Гейт Сити қаласының бас жоспарында аумақтың экологиялық балансын сақтауға және қоршаған ортаны қорғауға үлкен көңіл бөлінеді, ормандандыруға қала аумағының 20 пайызға жуығы арналады.

Қаланың аумағында қалалық және аудандық саябақтар, тұрғын аудандардың бақтары және шағын аудандардың бақтары, скверлері, бульварлары құрылатын болады. Бульварлардың дамыған жүйесі серіктес қаланың көгалдандырылған құрылымдық элементтері арасында негізгі байланыстырушы буын болып табылады.

Қаланың периметрі бойынша қамтитын шағын өзендердің арналарын көгалдандыру елеулі орын алады. Бұл жерлерде бас және қосалқы "жасыл дәліздер" құрылатын болады. Шағын өзендердің арналарында жасанды су айдындарының болуы Гейт Сити тұрғындарының ғана емес және оған іргелес елді мекендер тұрғындарының да демалуына қолайлы жағдай тудырады.

Бас және қосалқы "жасыл дәліздер" Алматы және Гейт Сити қалаларының бірыңғай көгалдандыру жүйесінің арасында байланыстырушы элемент болып табылады.

Бас жоспардың жобасында көшелер мен республикалық маңызы бар автожолдарды қарқынды көгалдандыру қарастырылады.

Гейт Сити қаласында ірі кәсіпорындарды орналастыру көзделмеген. Мұнда Алматы серіктес қаласының тіршілігін қамтамасыз ететін коммуналдық кәсіпорындар орналасатын болады. ЖЭС және кіші қазандықтардың санитарлық-қорғау аймақтары болады.

Гейт Сити қаласының аумағын қала құрылысы аймағына бөлу

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, елді мекендерді дамытудың қала құрылыстық жоспарлануы туралы қала құрылысы құжаттамасын дайындау кезінде, қала құрылысы қызметін жүзеге асыру үшін, аумақтың пайдалану түрін белгілейтін және олардың пайдалануына шектеу қоятын (регламенттер) аумақты қала құрылыстық аймаққа бөлу жоспарларының жобалары (сызбалары) әзірленді.

Аймаққа бөлу қала аумағын белгілі түрлерге және оларды пайдалануда шектеулерімен, функционалды мақсаттарға пайдалану параметрлерімен бөліктерге бөлу нәтижесі және қала құрылысы қызметін жүзеге асыру кезінде жер учаскелерін және басқа жылжымайтын мүлік объектілерін өзгерту кезіндегі процесс ретінде қаралады.

Халықтың қолайлы тұру жағдайларын қала құрылысы құралдарымен қамтамасыз ету, оның ішінде қоршаған табиғи ортаға шаруашылық және өзге қызметтің зиянды әсерін шектеу, оның қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесіне тиімді пайдалануы осындай аймаққа бөлудің мақсаты болып табылады.

Қала аумағын аймаққа бөлу қолайлы тіршілік ортасын қамтамасыз етуге, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар әсерінен қорғауға; халықтың және өндірістің мөлшерден тыс концентрациясын, қоршаған табиғи ортаның ластануын болдырмауға; ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, оның ішінде табиғи ландшафттарды, тарихи-мәдени объектілердің аумақтарын, сонымен қатар қала шекарасындағы ауыл шаруашылық жерлері мен орман алқаптарын қорғауға және пайдалануға бағытталды.

Аумақтарды пайдалануға шектеулерді ескеріп, әр жоспарланатын аймақтық бірліктің функционалдық мақсаты, пайдалану қарқыны және сипаттамасы анықталады.

Құрылыс қызметін бақылау үшін қала құрылыстық аймаққа бөлу негізінде "Қала аумағын құрылыстандыру ережелері" әзірленуі керек.

Бас жоспардың негізінде әзірленген қала құрылыстық аймаққа бөлу сызбалары белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін, бекітілген қала құрылысы құжаттамасы мәртебесін алуы керек, ал бекітілген "Қала аумағын құрылыстандыру ережелері" құрамында олар жергілікті өзін-өзі басқару органының нормативтік құқықтық актісі мәртебесін алады.

Гейт Сити қаласын қала құрылыстық аймаққа бөлу бас жоспардың материалдарына және олардың құрамында әзірленген сызбаларға негізделді. Аймаққа бөлу келесі кезекте жүргізілді:

негізгі болып табылатын аумақты олардың функционалдық мақсаты бойынша аймаққа бөлу;

аумақты сипаты және олардың игерілу дәрежесі бойынша аймаққа бөлу-құрылыс аймағына бөлу;

ландшафттық және қоршаған ортаны қорғау аймағына бөлу.

Аймаққа бөлуге әзірлеудің соңғы кезеңінде, аймақтың көрсетілген түрлерін өзара салу жолымен біріктірілген аймақтар анықталды.

ҚАЛА АУМАҒЫНА ҚҰРЫЛЫС САЛУДЫ РЕТТЕУДІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қала аумағына құрылыс салуды реттеудің жалпы ережелері бойынша Бас жоспарда:

қаланың қала құрылыстық коды бойынша жалпы регламенттер мен шектеулерді сақтау;

көше-жол торабының сызбасына сәйкес, қызыл сызықтарды сақтау. Қызыл сызық шегіндегі көше-жол торабын дамытуға арналған аумақтар қала әкімдігінің қажет жерлері болып есептелсін;

функционалдық аймақтардың - селитебтік, коммуналдық-қойма, рекреациялық, қоғамдық және аймақтық орталықтардың шекараларын сақтау;

республикалық және жалпықалалық маңызы бар инженерлік-көліктік дәліздердің шекараларын сақтау (инженерлік коммуникация және құрылыстардың дәліздері) көзделеді.

Көліктік инфрақұрылымды дамыту

Бас жоспарда сыртқы көлік торабын, көше-жол торабын және жасанды инженерлік көліктік құрылыстарды дамыту (көпірлер және жол өтпелер, түрлі

деңгейдегі айырма жолдар), автокөлік және автобус парктерін, автокөлік жанар-жағар май станциясы жүйесін, халыққа техникалық қызмет көрсету станцияларын құру көзделді.

Жақын жерде Алматы әуежайы және I Алматы темір жол вокзалы орналасқандықтан Гейт Сити аумағында осы сияқты объектілерді орналастыру тиімсіз болып табылады. Осыған байланысты, Бас жоспарда тек сыртқы автокөліктің дамуы көзделді.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің шешіміне сәйкес республикалық маңызы бар Алматы - Өскемен және ҰАААЖ автомобиль жолдары концессиялық негізде салынады және қайта жаңартылады. Алматы - Өскемен автожолының ҰАААЖ-бен және Байсерке - Қараой автожолымен қиылысында концессионерлер екі деңгейлі автомобиль айрықтарын салады.

Автовокзалды қаланың шығыс бөлігіне, республикалық маңызы бар Алматы - Өскемен және ҰАААЖ автомобиль жолдары қиылысының оңтүстік-шығысына қарай орналастыру ұсынылады. Бұл Гейт Ситиге республиканың барлық өңірлерімен әрі таяу және алыс шетелдермен байланыс жасауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бас жоспарда төмендегідей магистралды көшелерді салу көзделген: жалпықалалық маңызы бар реттелетін қозғалыс - 26,78 километр;

аудандық маңызы бар - 56 километр.

Қаланың тұрғын аудандары арасында республикалық маңызы бар Алматы-Өскемен автожолы арқылы қатынастың қолайлы болуы үшін бір айырма жол және сегіз эстакада салынады.

Қоғамдық көлік торабының ұзындығы 51,5 километрды құрайды. Жолаушы тасымалдауды игеру үшін қоғамдық көлік торабына жүрдек көлік LRT - жеңіл рельс көлігі енгізілді.

Бас жоспарда жеке автокөліктерді қою үшін, әр түрлі үлгідегі гараждар және тұрақты және уақытша қоюға арналған автотұрақтардың құрылысы автомобилдендіру деңгейіне сүйене отырып, есептік мерзімге 1000 тұрғынға 500 автомобильден көзделді.

ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ

Қаланың инженерлік инфрақұрылымы су шаруашылығы кешенінің инфрақұрылымынан, энергетикалық кешен инфрақұрылымынан, байланыс инфрақұрылымынан тұрады.

Сумен жабдықтау

Су шаруашылығы кешенінің инфрақұрылымына сумен жабдықтау, кәріздендіру және аумақты суландыру кіреді.

Жобаланып отырған Гейт Сити қаласының сумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары:

қала халқы мен оның кәсіпорындарын тәулігіне 90,1 мың текше метр көлеміндегі сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуді;

су дайындау станциялары, II көтергішті сорғы станциялары бар, өнімділігі тәулігіне 46,63 мың текше метр және тәулігіне 43,43 мың текше метр "Ынтымақ" және "Жаңа дәуір" су тартқыштарын салуды. Тиісінше 46,0 километр су құбыры желілерін салуды;

су қорғау аймақтарының жобасын әзірлеу есебінен сумен жабдықтаудың жер асты көздерін тиімді қорғау жолымен ауыз су сапасының халықаралық стандарттары кешенін қамтамасыз етуді;

заман талабына сай, уақытқа төзімді, энергия үнемдеуші жабдық пен құбыржолдарды пайдалану есебінен сумен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыруды көздейді.

Покровское жер асты су көзі сумен жабдықтау көзі болып табылады.

Жобаланып отырған қалаларды сумен жабдықтау схемасы біртұтас, шаруашылық-ауыз су-өртке қарсы айналма су құбыры бойынша қабылданады.

Жобаланып отырған қаланы кәріздендіру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары:

аэробтық-гравитациялық әдісті қолдана отырып, ағынды суларды биологиялық толық тазартатын кәріздік тазарту құрылыстарын салуды. Қала бойынша су бөлудің көлемі тәулігіне 49,2 мың текше метрді құрайды;

өнімділігі тәулігіне 49,2 мың текше метрді құрайтын кәріздік сорғы станцияларын салуды;

39,0 километр кәріздік коллекторлар салуды;

аумақтарды ішінара босата және қалпына келтіре отырып, ағынды сулардың тұнбасын толық өңдеуді, кәдеге жаратуды және қалпына келтіруді қамтамасыз етуді;

екі қалаға арналған, көлемі 11,3 миллион текше метр болатын ортақ жинақтау тоғанын салуды көздейді.

Қала аумағын суландыру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары:

қала кеңістігін эстетикалық қабылдау және толыққанды демалу үшін табиғи кешен орнықтылығының қажетті шарты ретінде су тоғандары мен су айдындарын және қаланың біртұтас гидрожүйесін сақтауды, қалпына келтіруді және дамытуды;

қолданыстағы барлық су тоғандарын сақтауды, су тоғандары мен ашық су айдындарының акваториясын абаттандыруды, су тоғандарының акваторияларын рекреациялық пайдалану үшін жайластыруды;

шағын өзендердің жайылмаларында орналасқан су тоғандарын қалпына келтіруді, шағын өзендердің арналары мен жағалау маңындағы жолақтарды қалпына келтіруді және оңалтуды;

декоративтік және микроклиматтық функцияларды орындайтын жасанды шағын су тоғандары, бассейндер, бұрқақтар, сарқырамалар жүйесін қалыптастыруды көздейді.

Су бұру

Гейт Сити қаласының кәріздік жүйесін дамытуға қатысты бас жоспарда:

аэробтық-гравитациялық әдісті қолдану арқылы ағындарды толық биологиялық жолмен тазалайтын канализациялық тазалау құрылыстарын салу;

канализациялық сорғы станцияларының құрылысын салу;

ұзындығы 39,0 километр канализациялық коллекторлардың құрылысы;

ағынды сулардың тұнбасын толық өңдеу және аумақты қалпына келтіру;

Голден Сити және Гейт Сити екі қалаға арналған көлемі 11,3 миллион текше метр жалпы су жинау тоғанының құрылысын салу көзделген.

Аумақтың инженерлік дайындығы

Қала аумағының инженерлік дайындығы төмендегі шараларды қамтиды:

аумақтың тігінен-тік жоспарлануы;

жерүсті сулары ағатын құбыр салу;

жасыл екпелерді суғаруды ұйымдастыру;

жер асты суларының басып қалуынан аумақты қорғау;

өзен арналарын абаттандыру.

Рельефтік құрылыстың кейбір учаскелерінде жер үсті сулары өздігінен ағатын жолдар төсеу талаптарына бейімделу үшін аумақтың тұтас тік түрде жоспарлануын жүзеге асыру көзделген. Жер үсті суларының ағуына кедергі келтіретін жоталар, дөңдер тегістеліп, ойық жерлер толтырылуда.

Жоба жер үсті суларын арнаулы тазалау құбырларына жинау және бұру жұмыстарын жүзеге асыруды ұсынады. Битум жағылған қысымсыз темірбетон құбырларынан диаметрі 400-ден 1000 миллиметрге дейін магистралды жабық коллекторлар қарастырылды. Минималды орнату тереңдігі 2,0 метр.

Жобада суару көздерін, кейбір жағдайда суару желілерін пайдалана отырып, суару жүйесінің көмегімен жасыл екпелерді және қала аумағының маңындағы учаскелерді суаруды жүзеге асыру ұсынылады.

Жобаланып отырған аумақтың инженерлік-геологиялық жағдайларын жақсарту мақсатында бас жоспар жобасында қаланы жер асты суларының басып қалуынан инженерлік қорғау жөнінде бірқатар шаралар әзірленді:

кала аумағында кешенді кәрізді жүйе құрылысын салу;

нөсер және еріген суларды жинау және бұру жөнінде шараларды қолдану;

бар каналдардың арналарын тазалау;

аумақты су басып қалудан қорғау жөнінде ескерту шараларын әзірлеу және оны орындау;

суару каналдарында суаратын суды сүзгіден өткізуді жою мақсатында, сүзгіден өткізуге қарсы экран орнату.

Көлденең кәріз негізгі көшелер мен өту жолдарының бойында қолданыстағы су тасу коммуникацияларына қатар орнатылады. Кептіргіштер өту жолдары мен тұрғын көшелердің бойында төселеді, магистралды кәрізді коллекторлар - магистралды көшелердің газондық бөлігіне орнатылады.

Осы жоба тұрғындардың серуендеуі және демалуы үшін өзендерді бойлай көгалдандыру жүйесін ұйымдастыруды ұсынады.

Жобаланатын аумақ шегінде, құрылыс салынатын жерге жақын өтетін өзендердің учаскелерінде жағалауды бекіту жұмыстарын жүргізу белгіленді:

өзендер арнасының бойы қалдықтардан, үйінділерден тазартылады, түзетіледі, тереңдетіледі, өзеннің керексіз салалары жойылады;

өзен арналары темір бетон плиталарымен немесе Г-тәріздес блоктармен қаланады;

өзен арналарын бойлай асфальтбетонды төсегіш немесе серуендеуге арналған тротуар плиткалар төселеді;

өзен жағасын бойлай серуендеу жолдары жасалып, құламалары жаймаланады ;

аңғар беткейіндегі ағаш екпелерге шым төселіп, нығайту жұмыстары жүреді;

өзендер арнасын бойлай жобалау аумағының шегінде, суға баратын баспалдақ салынады;

аңғар беткейін бойлай, суды ұстап қалатын жыралар орналасады.

Жылумен қамтамасыз ету

Гейт Ситидің жылумен қамтамасыз ету жүйесін дамытудың негізгі бағыттары :

заман талабына сай технологиялар және жабдықтар базасында жекелеген тұтынушылардың қажеттілігі үшін, дәстүрлі емес орталықтандырылмаған жылу көздерімен қамтамасыз ете отырып, жылумен қамтамасыз ету жүйесін жарақтандыруды жетілдіру;

қоршаған ортаның жүктемесін азайтуға мүмкіндік беретін, тиімді энергия сақтау технологиясы бар, табиғи газбен жанатын заман талабына сай автоматтандырылған қазандықтардың құрылысын салу;

заман талабына сай автоматтандырылған жоғары технологиялық шағын ЖЭС-ның құрылысын салу;

Гейт Сити қаласы үшін қызмет ету мерзімін 50 жылға дейін арттыратын, полимермен қапталған құбыр өткізгіштердің каналсыз төселуін қолдану арқылы ұзындығы 27,3 километр магистралды жылу жүйелерінің құрылысын салуын көздейді.

Электрмен қамтамасыз ету

Гейт Сити электрмен қамтамасыз ету жүйесін дамытудың негізгі бағыттары: табиғи газбен жұмыс істейтін (жиынтық қуаты 220 МВт), екі автономдық электрмен қамтамасыз ету көздері - шағын ЖЭО-ның құрылысын салу;

30 километр жаңа электр жүйелерінің 10 кВ құрылысын салу.

Газбен қамтамасыз ету

Гейт Сити қаласының газбен қамтамасыз ету жүйесін дамытуға қатысты бас жоспарда:

жаңа АГРС-1 құрылысы жолымен газбен қамтамасыз ету жүйесінің қауіпсіздігі және сенімділігі;

заман талабына сай ГРП (ПГП-50, ПГБ-100, ПГБ-150) электр өлшеу кешенімен СГ-ЭК;

жоғары қысымды газ құбыры желілерінің 12 километр және ортақ сымды жүйелердің 16,2 километр құрылысы;

Есептік мерзімге газ тұтынудың 155,4 мың текше метр болжамды көлемі кешенді әдіспен шешілетін болады, нақтырақ:

"Солнечная" құрылымында жер асты газды сақтау қоймасының (ЖГСҚ) құрылысы (Қарасай ауданы);

Қытайға магистралды газ құбырын салу;

"Алматы-Қапшағай" магистралды газ құбырының құрылысы;

"Байсерке - Талғар - Шелек" магистралды газ құбырының құрылысы көзделді

Инвестициялардың салалық құрылымы

P /c N	Сала	Жобалау кезеңіне барлығы, млрд. теңге	Жиынына %-бен	Құрылыстың 1-кезеңі	Оның ішінде қаржыландыру түрлері бойынша			
					Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Жеке меншік инвестициялар	Кредит қаражаты
	Инвестициялардың барлығы	800,41	100,0	524,3	89,2	43,8	384,7	6,6
	оның ішінде:							
1	Тұрғын үй құрылысы	256,7	32,1	122,9	0	19,4	97,4	6,1
2	Мәдени-тұрмыстық құрылыс	383,4	47,9	299,2	14,3	5,9	279,0	0
3	Көлік, барлығы	39,5	4,9	17,0	6,0	8,0	2,5	0,5
	оның ішінде:							
1)	Сыртқы көлік	20,0		12,0	6,0	6,0	0	0
2)	Қала ішіндегі көлік	10,6		2,0	0	0,5	1,0	0,5
3)	Көше-жол желісі	8,9		3,0	0	1,5	1,5	0
4	Инженерлік инфрақұрылым, барлығы	80,5	10,1	68,9	68,9	0	0	0
	оның ішінде:							
1)	Сумен жабдықтау	7,2		3,9	3,9			
2)	Кәріз	9,0		5,5	5,5			
3)	Электрмен жабдықтау	41,4		39,5	39,5			
4)	Жылумен жабдықтау	20,6		18,3	18,3			
5)	Газбен жабдықтау	1,0		0,9	0,9			
6)	Телефон орнату	1,3		0,8	0,8			
5	Аумақты инженерлік дайындау	15,4	1,	4,5		3,4	1,1	
6	Жасыл екпелерді отырғызуды ұйымдастыру	25,0	3,0	11,8		7,1	4,7	

Құрылыстың I кезегіне арналған инвестициялардың жылдар бойынша (2009 - 2013) құрылымы

Салалардың атауы	Бюджет қаражатының барлығы, 2009 - 2013 жылдар		Оның ішінде жылдар бойынша (млрд. теңге)				
			2009		2010		2011
	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Республика бюджет
Инвестициялардың барлығы	89,2	43,8	4,6	0,6	14,0	11,9	31,0
оның ішінде:							
Тұрғын үй құрылысы	0,0	19,4	0,0	0,0	0,0	5,8	0,0
Мәдени-тұрмыстық құрылыс	14,3	5,9	0,0	0,0	3,2	0,7	1,7
Көлік	6,0	8,0	0,0	0,6	3,0	3,7	3,0
Инженерлік инфрақұрылым	68,9	0,0	4,6	0,0	7,8	0,0	26,3
Аумақты инженерлік дайындау	0,0	3,4	0,0	0,0	0,0	1,0	0,0
Жасыл екпелерді отырғызуды ұйымдастыру	0,0	7,1	0,0	0,0	0,0	0,7	0,0

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 2 қарашадағы
№ 1739 қаулысына
3-қосымша

Алматы облысының Гейт Сити серіктес қаласының бас жоспары жобасының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері

P/c	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштер			
			Бастапқы жыл 2008 жыл	2013 жыл I кезеңнің соңына	2020 жыл II кезеңнің соңына	2030 жыл III кезеңнің соңына
1.	Аумағы					
1.1	Қала сызығының шегіндегі елді мекендер жерінің ауданы, барлығы	гектар	1869,0	1869,0	1869,0	1869,0
1.1.1	Қоғамдық және тұрғын құрылыстар, оның ішінде:	гектар	37,4	278,7	759,1	1148,5

1.1.1.1	үй маңындағы жер учаскелерімен бірге үй құрылыстары (600 м2)	гектар	-	92,5	300,9	512,4
1.1.1.2	үй маңындағы жер учаскелерімен бірге үй құрылыстары (300 м2)	гектар	-	39,7	128,9	219,6
1.1.1.3	үй маңындағы жер учаскелерімен бірге 2-3 қабатты тығыздығы жоғары құрылыстар (таунхаустар)	гектар	-	44,3	139,0	200,8
1.1.1.4	көп пәтерлі тұрғын үйлерімен көп қабатты құрылыстар, 5 қабатты құрылыс	гектар	-	67,2	67,1	67,2
1.1.1.5	көп пәтерлі тұрғын үйлерімен көп қабатты құрылыстар, 9-12 қабатты құрылыс	гектар	-	-	-	-
1.1.1.6	қоғамдық құрылыс	гектар	-	35,0	123,2	148,5
1.1.2	Өнеркәсіптік және коммуналдық-қойма құрылыстары, олардың ішінде:	гектар	-	40,4	64,6	101,9
1.1.2.1	өнеркәсіптік құрылыс	гектар	-	-	-	-
1.1.2.2	коммуналдық құрылыс	гектар	-	40,4	64,6	101,9
1.1.3	Көлік, байланыс, инженерлік коммуникациялар, олардың ішінде: сыртқы көлік (темір жол автомобиль, өзен, теңіз, әуе және құбыржолдар)	гектар	343,9	170,3	170,3	170,3
1.1.3.1	магистральды инженерлік желілер мен құрылыстар	гектар				
1.1.3.2	байланыс құрылыстары	гектар				
1.1.4	Ормандар және орман саябақтары	гектар	48,0	-	-	-
1.1.5	Су айдындары мен акваторийлер, олардың ішінде:	гектар	-	-	-	-
1.1.5.1	өзендер, табиғи және жасанды су айдындары	гектар	-	-	-	-
1.1.5.2	су қорғау аймақтары	гектар	-	-	-	-
1.1.5.3	гидротехникалық құрылыстар	гектар	-	-	-	-
1.1.5.4	су шаруашылығы құрылыстары	гектар	-	-	-	-
1.1.6	Ауыл шаруашылығына пайдалану, олардың ішінде:	гектар	1379,7	-	-	-
1.1.6.1	жыртылған жерлер	гектар	1140,0	-	-	-
1.1.6.2	жылыжайлар	гектар	-	-	-	-
1.1.6.3	шабындықтар, жайылымдар	гектар	239,7	-	-	-
1.1.7	Жалпы пайдалану, олардың ішінде:		-	113,0	318,6	448,3
1.1.7.1	көшелер, жолдар, өткелдер	гектар	-	91,2	197,6	314,4
1.1.7.2	су айдындары, жағажайлар, жағалаулар	гектар	-	-	-	-
1.1.7.3	саябақтар, скверлер, гүлзэрлар	гектар	-	21,8	121,0	133,9
1.1.7.4	жалпы пайдаланымдағы басқа да аумақтық объектілер	гектар	-	-	-	-
1.1.8	Резервтік, олардың ішінде:	гектар	-	1266,6	556,4	-
1.1.8.1	селитебтік аумақтарды дамыту үшін	гектар	-	1266,6	556,4	-

1.1.8.2	өнеркәсіптік-өндірістік және коммуналдық аумақтарды дамыту үшін	гектар	-	-	-	-
1.1.8.3	рекреациялық және өзге аймақтарды ұйымдастыру үшін	гектар	-	-	-	-
1.1.9	Қолайсыз аумақтар	гектар	60,0	-	-	-
2.	Тұрғындар					
2.1	Бағынысты елді мекендерді есептегендегі тұрғындар саны, барлығы, оның ішінде:	адам %	-	36323	71956	103000
2.1.1	қаланың өзінде	адам				
	басқа елді мекендер	адам				
2.2	Тұрғындардың табиғи қозғалысының көрсеткіштері:	адам	Жаңа қаланың жобалануына байланысты, деректер жоқ			
2.2.1	өсімі	адам				
2.2.2	кемуі	адам				
2.3	Тұрғындардың көші-қон көрсеткіштері	адам	Жаңа қаланың жобалануына байланысты, деректер жоқ			
2.3.1	өсімі	адам				
2.3.2	кемуі	адам				
2.4	Қала аумағы шегіндегі тұрғындардың тығыздығы:					
2.4.1	селитебті аумақ шегінде	адам гектарға	-	22	44	65
2.4.2	қала құрылысының аумағы шегінде	адам гектарға	-	19	39	55
2.5	Тұрғындардың жас құрылымы:					
2.5.1	15 жасқа дейінгі балалар, оның ішінде:	адам %	-	9262	18350	26265
			-	25,5	25,5	25,5
	1 жасқа дейінгі балалар саны	адам %				
	мектепке дейінгі жастағы балалар саны (1-6 жас)	адам %				
	мектеп жасындағы балалар саны (7-14 жас)	адам %				
2.5.2	Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар (16 - 62 жастағы ерлер, 16-57 жастағы әйелдер), олардың ішінде:	адам %	-	23320	46195	66126
			-	64,2	64,2	64,2
	мектеп жасындағы 15-18 жас	адам %				
2.5.3	еңбекке қабілетті егде жастағы тұрғындар	адам %	-	3741	7411	10609
			-	10,3	10,3	10,3
2.6	Отбасы саны, барлығы	бірлік	-	10378	20559	29424
2.7	Экономикалық белсенді тұрғындар	адам %	-	19179	37993	54384
			-	52,8	52,8	52,8
3.	Тұрғын үй құрылыстары					

3.1	Тұрғын үй қоры	жалпы ауданы мың текше метр	0	1017,1	2014,7	2883,6
		%	-	100,0	100,0	100,0
3.2	Жалпы қордан					
3.2.1	көп пәтерлі үйлерде, олардың ішінде:	жалпы ауданы мың текше метр		750,6	1148,3	1407,9
		%		73,8	57,0	48,8
	көп қабатты көп пәтерлі тұрғын үйлер, 5- қабатты құрылыстар	жалпы ауданы мың текше метр	-	564,5	564,5	564,5
		%	-	55,5	28,0	19,6
	көп қабатты көп пәтерлі тұрғын үйлер, 9- 12 қабатты құрылыстар	жалпы ауданы мың текше метр	-	-	-	-
		%	-	-	-	-
	аз қабатты көп пәтерлі тұрғын үйлер, 2-3 қабатты құрылыстар (таунхаустар)	жалпы ауданы мың текше метр	-	186,1	583,8	843,4
		%	-	18,3	29,0	29,2
3.2.2	мекен типіндегі үйлер, олардың ішінде:	жалпы ауданы мың текше метр		266,5	866,4	1475,7
		%		26,2	43,0	51,2
	үй маңындағы жер учаскесімен мекен құрылысы (600 м2)	жалпы ауданы мың текше метр	-	155,5	505,4	860,8
		%	-	15,3	25,1	29,9
	үй маңындағы жер учаскесімен мекен құрылысы (300 м2)	жалпы ауданы мың текше метр	-	111,0	361,0	614,9
		%	-	10,9	17,9	21,3
3.3	Тұрғын үй қорының 70% астам тозуы, барлығы	жалпы ауданы мың текше метр		Жаңа қаланың жобалануына байланысты, деректер жоқ		
		%				
3.4	Жаңа тұрғын үй құрылысы, барлығы	бірлік үйлер/ пәтерлер	-	10378	20559	29424
		жалпы ауданы мың текше метр	-	1017,1	2014,8	2883,6
3.5	Қабаты бойынша жаңа тұрғын үй құрылысының құрылымы, оның ішінде:					
3.5.1	аз қабатты, олардың ішінде:	бірлік үйлер	-	4618	14799	23864
		жалпы ауданы мың текше метр	-	425,6	1450,2	2319,1
3.5.1.1	үй маңындағы (пәтердегі) жер учаскелерімен мекен (коттедж типіндегі)	бірлік үйлер	-	1586	5158	8784
		жалпы ауданы мың текше метр	-	155,5	505,4	860,8
3.5.1.2	пәтер маңындағы жер учаскесімен оқшауланған	бірлік үйлер	-	1133	3684	6474
		жалпы ауданы мың текше метр	-	111,0	361,0	614,9
		бірлік пәтерлер	-	5760	5760	5760

3.5.3	көп қабатты көп пәтерлі	жалпы ауданы мың текше метр	-	564,5	564,5	564,5
3.6	Жаңа тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінен орналасады:					
3.6.1	бос тұрған аумақтарға	бірлік үйлер/ пәтерлер	-	10378	20559	29424
		жалпы ауданы мың текше метр	-	1017,1	2014,8	2883,6
3.7	Жылына орта есеппен жаңа тұрғын үй қорының жалпы алаңын іске қосу	жалпы ауданы мың текше метр	-	203,4	167,9	131,1
3.8	Тұрғын үй қорының қамтамасыз етілуі:					
3.8.1	су құбырымен	жалпы тұрғын үй %	-	100	100	100
3.8.2	кәрізбен	жалпы тұрғын үй %	-	100	100	100
3.8.3	электр плиталармен	жалпы тұрғын үй %	-	73,8	57,0	48,8
3.8.4	газ плиталарымен	жалпы тұрғын үй %	-	26,2	43,0	51,2
3.8.5	жылумен	жалпы тұрғын үй %	-	100	100	100
3.8.6	ыстық сумен	жалпы тұрғын үй %	-	100	100	100
3.9	Тұрғындардың пәтерлердің жалпы алаңымен орташа қамтамасыз етілуі	адам басына текше метр	-	28	28	28
4.	Әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері					
4.1	Мектепке дейінгі мекеме	орын	-	3634	6993	10300
4.1.1	қамтамасыз етілу деңгейі	%	-	100,0	100,0	100,0
4.1.2	1000 тұрғынға	орын	-	100,0	97,2	100,0
4.1.3	жаңа құрылыс	орын	-	3634	6993	10300
4.2	Жалпы білім беретін мекемелер	орын	-	6541	12945	18540
4.2.1	қамтамасыз етілу деңгейі	%	-	100,0	100,0	100,0
4.2.2	1000 тұрғынға	орын	-	180,1	179,9	180,0
4.2.3	жаңа құрылыс	орын	-	6541	12945	18540
4.3	Ауруханалар, барлығы/1000 адамға	төсек	-	-	618/8,6	618/6,0
		1000 адамға төсек				
4.4	Емханалар барлығы/1000 адамға	ауысымда келуі	-	943/26,0	2120/ 29,5	2678/ 26,0
		1000 адамға ауысымда келуі				
4.5	Әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері (интернат-үйлері)	орын	Green City қаласында орналасқандар			

4.6	Ұзақ мерзімді демалыс мекемелері (демалыс үйлері, пансионаттар, оқушыларға арналған лагерлер)	орын		Green City қаласында орналасқандар		
4.7	Дене шынықтыру-спорт ғимараттары, барлығы/1000 адамға	гектар	-	25,0/0,7	47,0/0,7	72,0/0,7
		1000 адамға орын				
4.8	Ойын-сауық-мәдениет мекемелері (театрлар, клубтар, кинотеатрлар, мұражайлар, көрме залдары ж/е т.б.), барлығы/1000 адамға	орын	-	933/26,0	13287/185,0	13287/129,0
		1000 адамға орын				
4.9	Сауда кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	сауда алаңының шаршы метрі	-	10168/279,9	19652/273,1	28840/280,0
		1000 адамға сауда алаңының шаршы метрі				
4.10	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	отырғызу орны	-	1452/40,0	2838/39,5	4120/40,0
		1000 тұрғынға отырғызу орны				
4.11	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорны, барлығы/1000 адамдық	жұмыс орны	-	382/10,5	414/5,8	515/5,0
		1000 адамға жұмыс орны				
4.12	Өрт сөндіру депосы	автомобиль саны	-	-	26	26
4.13	Халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін өзге де объектілер, оның ішінде:	тиісті бірліктер				
	ғибадат құрылыстары	объект				
	нарықтық кешендер	сауда алаңының шаршы метрі				
	сауда-көрме кешені	жалпы алаңының шаршы метрі				
	CBD (орталық бизнес ауданы)	коммерциялық алаңның шаршы метрі/ сауда алаңдары				
	Конвенциялар орталығы	жалпы алаңының шаршы метрі				
	"HOME MART" сауда-көтерме орталығы	жалпы алаңының шаршы метрі				
	Әкімшілік-қоғамдық орталық	объект/жалпы алаңының шаршы метрі				
5.	Көлікпен қамтамасыз ету					

5.1	Жолаушылар көлігі желілерінің ұзындығы, оның ішінде:	километр	-	12,14	26,54	37,38
5.1.1	электрлендірілген темір жол	километр	-	-	-	-
5.1.2	метрополитен	километр	-	-	-	-
5.1.3	жылдам жүретін трамвай (LRT)	километр	-	-	-	7,19
5.1.4	троллейбус	километр	-	-	-	-
5.1.5	автобус	километр	-	12,14	26,54	32,19
5.2	Магистральдық көшелер мен жолдардың ұзындығы, барлығы	километр	-	25,15	48,56	76,51
5.2.1	жылдам қозғалыс жолдары	километр	-	7,19	7,19	-
5.2.2	жалпықалалық маңызы бар магистралдар	километр	-	8,24	15,77	18,39
5.2.3	аудандық маңызы бар магистралдар	километр	-	16,91	32,49	58,12
5.3	Сыртқы көлік, оның ішінде:					
5.3.1	темір жол жолаушылары	жылына мың жолаушы	-	-	-	-
	жүк	жылына мың тонна	-	-	-	-
5.3.2	әуе жолаушылары	жылына мың жолаушы	-	-	-	-
	жүк	жылына мың тонна	-	-	-	-
5.3.3	автомобиль жолаушылары	жылына мың жолаушы	-	-	-	-
	жүк	жылына мың тонна	-	-	-	-
5.3.4	өзен жолаушылар	жылына мың жолаушы	-	-	-	-
	жүк	жылына мың тонна	-	-	-	-
5.4	Көше-жол желісінің тығыздығы	километр/ш а р ш ы километр	-	4,14	3,66	4,09
6.	Инженерлік жабдықтау					
6.1	Сумен жабдықтау					
6.1.1	тұтыну жиынтығы, барлығы	тәулігіне мың текше метр	-	24,77	51,17	70,0
	оның ішінде:					
6.1.1.1	шаруашылық-ауыз су мұқтаждарына	тәулігіне мың текше метр	-	14,0	29,61	40,9
6.1.1.2	өндірістік мұқтаждарға	тәулігіне мың текше метр	-	10,77	21,56	29,0
6.1.2	Басты су құбыры құрылыстарының қуаты	тәулігіне мың текше метр	-	24,77	51,17	70,0
6.1.3	Пайдаланылатын сумен жабдықтау көздері			Жер асты суағарлары (Покровка жер асты су кен орны)		

6.1.3.1	жер асты суағарлары	тәулігіне мың текше метр				
6.1.3.2	жер үсті көздерінен алынатын суағарлар	тәулігіне мың текше метр				
6.1.3.3	орталықсыздандырылған көздер	тәулігіне мың текше метр				
6.1.4	ҚКЗ жер асты суларының бекітілген қорлары	тәулігіне мың текше метр	-	151,2	-	-
6.1.5	Тәулігіне орташа есеппен 1 адамға су тұтыну	тәулігіне литр	-	682,0	711,0	679,0
	оның ішінде:					
6.1.5.1	шаруашылық-ауыз су мұқтаждарына	тәулігіне литр	-	385,0	411,0	397,0
6.1.6	Суды екінші қайтара пайдалану	%	-	-	-	-
6.1.7	Желілердің ұзындығы	километр	-	7,5	24,0	30,0
6.2	Кәріз					
6.2.1	Ағын сулардың жалпы түсімі, барлығы	тәулігіне мың текше метр	-	14,262	30,38	41,8
	оның ішінде:					
6.2.1.1	тұрмыстық кәріз	тәулігіне мың текше метр	-	11,98	25,52	35,11
6.2.1.2	өндірістік кәріз	тәулігіне мың текше метр	-	2,28	4,86	6,68
6.2.2	Кәріздік тазарту құрылыстарының өнімділігі	тәулігіне мың текше метр	-	14,262	30,38	41,8
6.2.3	Желілердің ұзындығы	километр	-	12,0	21,68	27,0
6.3	Электрмен жабдықтау					
6.3.1	Электр энергиясын тұтыну жиынтығы	жылына МВт/сағ	-	206170	489720	639710
	оның ішінде					
6.3.1.1	коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждар	жылына МВт/сағ	-	206170	489720	639710
6.3.1.2	өндірістік мұқтаждықтар	жылына МВт/сағ	-	-	-	-
6.3.2	Жылына бір адамның электрді орташа есеппен тұтынуы	сағатына кВт	-	1710	1710	1710
6.3.3	Жүктемелерді жабу көздері, ЖЭО	Миллион кВт	-	0,112	0,112	0,112
6.3.4	Желілердің ұзындығы	километр	-	2,3	9,7	17,5
6.4	Жылумен жабдықтау					
6.4.1	Орталықтандырылған көздердің қуаты, барлығы, оның ішінде:	МВт	-	100	355	425
6.4.1.1	ЖЭО	МВт	-	40	75	75
6.4.1.2	ауданның қазандықтары	МВт	-	60	280	350
6.4.1.3	орамның қазандықтары	МВт	-	-	-	-
6.4.1.4	жергілікті көздердің жиынтық қуаты	МВт	-	49,01	159,34	271,38
6.4.2	Жылытуға тұтыну, барлығы	МВт	-	149,96	292,88	395,28

	оның ішінде:					
6.4.2.1	коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждар	МВт	-	149,96	292,88	395,28
6.4.2.2	өндірістік мұқтаждар	МВт	-	-	-	-
6.4.3	Ыстық сумен жабдықтауды тұтыну, барлығы	МВт	-	12,20	21,36	27,28
	оның ішінде:					
6.4.3.1	коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждар	МВт	-	12,20	21,36	27,28
6.4.3.2	өндірістік мұқтаждар	МВт	-	-	-	-
6.4.3.3	жылумен жабдықтаудың жергілікті көздерінің өнімділігі	МВт	-	-	-	-
6.4.4	Желілердің ұзындығы	километр	-	7,365	18,52	21,57
6.5	Газбен жабдықтау					
6.5.1	Табиғи газды тұтыну, барлығы	жылына миллион текше метр	-	103,405	263,1	304,0
	оның ішінде:					
6.5.1.1	коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждар	жылына миллион текше метр	-	15,0	58,4	82,8
6.5.1.2	өндірістік мұқтаждар	жылына миллион текше метр	-	88,405	204,7	221,2
6.5.2	Сұйытылған газды тұтыну, барлығы	жылына тонна	-	-	-	-
6.5.3	Табиғи газды беру көздері	жылына миллион текше метр	"Алматы-Байсерке-Талғар" магистралдық газ құбыры			
6.5.4	Қаланың жылу балансында газдың үлес салмағы	%		100	100	100
6.5.5	Желілердің ұзындығы	километр	-	5,0	12,8	12,8
6.6	Байланыс					
6.6.1	Халықты телевизия хабарларымен қамту	халықтың %	-	100	100	100
6.6.2	Халықтың жалпы қолданыстағы телефон жүйесімен қамтамасыз етілуі	100 отбасыға нөмір	-	150	150	150
7.	Аумақты инженерлік дайындау					
7.1	Нөсер кәрізінің жалпы ұзындығы	километр	-	16,0	33,6	41,6
7.2	Шайылу және үстемелеп салу, барлық көлемі және ауданы	гектарға миллион текше метр	-	0,75/6,3	2,25/60,3	5,65/179,1
7.3	Жағаны бекіту	километр	-	-	4,0	6,4
7.4	Топырақ суларының деңгейін төмендету	гектар	-	16,0	33,6	41,6
8.	Халыққа салт жоралық қызмет көрсету					
8.1	Зираттың жалпы саны	гектар	-	-	-	25,0
9.	Қоршаған ортаны қорғау					
9.1	Атмосфералық ауаға шығарылған зиянды заттардың көлемі	жылына мың тонна	-	0,53	1,32	1,84

9.2	Шығарылған ластанған сулардың жалпы көлемі	жылына миллион текше метр	-	4,982	10,314	14,614
9.3	Бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру	гектар	-	25,8	22,17	159,38
9.4	Санитарлық-қорғау аймағын және су қорғау аймағын көгалдандыру	гектар	-	288	576	824
9.5	Топырақ және жер қойнауын қорғау	гектар	-	-	-	-
9.6	Аумақтың санитарлық тазалығы					
9.6.1	Тұрмыстық қалдықтардың көлемі	жылына мың тонна	0,35	15,97	15,66	13,68
	соның ішінде қалдықтарды дифференциалды жинау	%	-	-	-	-
9.6.2	Қоқысты қайта өңдеу зауыты (Іле ауданының солтүстік-батысында Growing City қаласынан 14 километр, төрт қаланың барлық халқын ескеріп	зауыт саны/ жылына мың тонна	-	-	-	1/120-350
10.	Жобалық шешімдерді іске асыру бойынша инвестициялардың болжамды көлемі (өсу тәртібімен)	млрд. теңге	0	164,865	373,84	461,1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК